

Ә. ӘБДІЛМАНАТҚЫЗЫ

НҮРЛЫБЕК БАЙМУРАТҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙ БЕЙНЕСІ

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың ұлылығын дәріптеп, жырламаған ақын кем де кем. Әдеби үрдіске енгізген жаңалығы өз алдына, қоғам мен мәдениетке елеулі өзгеріс енгізген Абайдың да налық қасиетін сүйіспеншілікпен насиҳаттау, сөз құдіретінің иесіне бас ие жырлау сонау 1914 жылдары басталып, бүгінгі өскелен ұландарға дейін жалғасын тауып келеді.

Абайға арналған өлендердің алғашқыларының сапына Жаяу-Мұсаның «Құнанбай ұлы Ыбырай», Көкбайдың «Семейге Абай келсе күнде думан», Шекерімнің «Абай ұлгісі», Сәбит Дөнентайұлының «Абайға» туындылары жатады.

Абай поэзиясымен сусындағ, ақын шәкірттері Әріп пен Көкбай мектебінен өткен ақындардың бірі – Нұрлыйбек Баймұратұлы. Ақынның Абайға арналған төрт өлеңі сакталған: «Абай» (1939 ж.), «Абай» (1940 ж.), «Бейіт басында» (1940 ж.), «Ұлы ақын» (1945 ж.) [1]. Ақынның туғанына 95 жыл, 100 жыл толуына орай өр жылдары жазылған арнаулар болса да, мағынасы жағынан 350 жолдан тұратын шағын поэма төрізді.

Абайдың ақындық мектебінің дәстүрлік жағастығына тәнті болған Нұрлыйбек айтystарында да Абайды жырға косқан. Маясар Жапақовпен айттысында:

Кім жетер ой теңізі Абайым,
Бәйтерек құлаш жайған маңайына.
Салсан да бір бұтағын салмақ болар,
Ақынның аты әйгілі талайына.
Әрбіген осы еренин үрпағымын,
Самғамай шаршы топта қалайын ба, – [2,112]

деп ақын шәкірттерінің молдығын, өзі де Абай елінің үрпағы екендігін шабыттана жырлайды.

Өзіндік өлең өрнегімен ерекшеленетін Н. Баймұратұлының поэзиялық шығармаларының бір тармағы арнау болса, оның өзі түрлі мақсатпен туындаған отырған. Кейбіреуі құрмет сезімін білдіру, тәғзім ету негізінде жазылса, әлдебірі өзіл арқылы сол адамның мінез-құлқын, болмысын суреттеу мақсатымен дүниеге келген.

«Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды. Бұл үлгідегі өлеңдердің негізгі өзгешелігі – олар жай біреуге құрмет сезімін білдіру үшін ғана емес, сол адамды мінездеуге арналған шығарма деуге болады» [3, 57].

Н. Баймұратұлының Абайға арналған туындылары тақырыбы жағынан біргүтас болып, бірін бірі толықтырып тұrsa да, құрылыш-қалпы, жанрлық түрі, жазылу стилі жағынан әр басқа.

«Әрбір заман шындығы тудырған арнау өлеңінің идеялық мазмұны сол өленді тудырушы ақынның өмір сүрген саяси-әлеуметтік ортасымен тікелей байланысты» [4,68] болса, Н.Баймұратұлы арнауларының бір өзгешелігі оқырман ақынның өзі өмір сүрген ортасымен емес, сонау Абай заманымен, сол кездегі ұлт өмірімен жетік танысады. Өлеңді оқу барысында ақын Абай заманының саяси-әлеуметтік өмірінен хабардар болғаныны, өткен тарих асуларына қанық екенін байқауға болады.

«Арқаның шығыс жақтық даласында» деп басталатын 1940 жылы жазылған 64 жолдық арнауы екі бөлімнен тұрады. Жалпы өлендердің мағынасына қарай тарауға бөліп жазу, әрбір тарауға ат кою (*кешес, бүгін, бүгінгі Абай, сұрап, жауап т.б.*) Нұрлыйбек Баймұратұлының өлең жазудағы өзіндік стилі.

Арнаудың алғашқы бөлімінде Абай заманында қалыптасқан әдет-ғұрыптан, халықтың қоғамдық өмірінен мәлімет береді:

Ел билеп, үкім айтқан, жаза кесіп,
Бай мен бек, қожа молда, болыс бимен.
Құдалық, штат, үрлық, барымта айдап,
Кесірі момын шаруа көпке тиген.
Қыздың құны – қырық, жеті бірдей малмен,
Талай сұлу сарғайған, күкүл шалмен.
Ердің құны – жұз жылқы, жеті жетім,
Бұл болмаса, жуады қанды қанмен.

Ақын өткен өмірдің ескілік нышандарын, көртартпалықтың кесапатын нақты дәлелдермен, қомақты суреттеулермен бейнелейді. Қазақ дала-сындағы әлеуметтік жағдайды баяндай келе, екінші бөлімінде жана заманың туғанын баяндайды. Жаңа заманды тудырушы, жасаушы – Абай. Себебі, автор Абайдың дүниеге келуімен қатар жана заманың басталғанын анық аңғартады. Абайды шыққан күнге, асқар шыңға, Гималайга, толған айға, сұлу сөздің сұңқарына балап, халықтық тілдегі теңеу нұсқаларын қолданады. Шығарма Абай салған «жол тозбайды, мөнгі жасайды» деген оптимистік сезіммен аяқталады.

Арнауларының ішіндегі көлемдісі де, қомактысы да IY тараудан 176 жолдан тұратын 1939

жылы жазылған «Қабандай қандар борық би» деп басталатын өлеңі. Алғашқы арнаумен мағыналас болғанымен, тақырып ауқымы кеңірек. Екі арнаудың үқастық жері де жоқ емес. Өсіреле, Абай өмір сүрген өнірді суреттеуде:

Жоталы арқа шығыста,
Кордалы қорық Шыңғыста,
Тобықты елі жайлана, — десе,

алғашқысында:

Арканың шығыс жақтық даласында,
Шыңғыстың шыңырау құз саласында.
Тобықты-арғын елі мекен еткен
Нар өркеш тасты адырдың арасында, —

деп бейнелейді.

Жоғарыдағы арнаудағыдай Абай елінің өлеуметтік өмірін өнгімелей келе «Тұманды түпсіз күндерде, Адасқан бұлдыр күндерде, қаранды елдің камына, өлмес жұрттың бағына нұрдан жарық ұл туады». Негізінен арнаулардың барлығы реалистік сипатта жазылған. Дегенмен осы арнауында Абайды суреттегендеге «*Taudan asty shығы, Бұлттан astы bиғi*» деп батырлық жырдағыдай ұлғайту түріндегі өсірелеуді қолдану арқылы романтизмнің ұшқынына бой ұрады. «Надандық — жау, көзін жой» деп геройдың өзін сөйлету арқылы, өмірге келгендеңі негізгі мақсатымен таныстырады. Өз заманынан озық тұған Абайдың болашақтан үміт күтіп, алдын болжап, қеудесін қайғы шер кернеп мәнгі үйқыға көз жұмымен тарау аяқталады. Абаймен бірге:

Тенізді тербел тулатқан,
Екпіні тауды құлатқан,
Басылды дауыл, жел тынды.

Бұл жердегі «дауыл» Абай бейнесінің символы ретінде беріліп отыр.

Арнаудың сонғы бөліміне «Бүгінгі Абай» деп ат қойылған. Әділдік күні туып, өмір жаңарады. Жаңа өмірдің тууы — «мынмен жалғыз алысқан» Абайдың үлесі.

Надандық жаумен алысқан
Ол кім? — деп сұрап қойып;
Абай данышпан, —

деп өзі жауап береді.

Абайдың 100 жылдығына арнауп жазылған «Ұлы ақын» арнауы жоғарыда қаралған екі шығарманың дәстүрлі жалғасы іспеттес. Жанры жағынан А.Байтұрсынов көрсеткен жарлай арнауға үқас [5,56]. Арнауда жалпылай баяндаудан гөрі, оқырманға нақты қаратылып айтылған ой жатыр. Жүргінмен терен үк, өр сөзінің

кілтін аш, өр түйінін талдай шеш, сонда ғана Абайдың шын мәнінде кім екенін танисың дегенді мензейді.

Таба алмайсын Абайды таза үқпасан,
Айтқаның қыл енбегін ардактасан,
Мұны істемей құр Абай данышпан деу,
Ол Абайға аз, шын білмей мадақтасан.

Арнаудың өн бойындағы тағы бір ерекшелігі сұрап-жауап арқылы ой дәлдігін тереңдетуге кол жеткізу. Мәселен:

- 1) Абай кіммен дос болды, кімменен қас,
Кімді сүйіп оқыды, кіммен мұндас.
- 2) Абай туды қай елде, қай жерде өсті,
Қайда жүріп, кімменен бой тенесті, —

деген сұраптар легіне төмендегідей жауаптар беріледі:

- 1) Михаэлис, Лермонтов, ақын Пушкин,
Бір өзі барлығына сөзбен сырлас.
- 2) Күз құсындағы даланың казак елі,
Еркін көшіп ел жайлап өскен телі.
Сол қазақтың баласы ақын Абай,
Шыңғыс тауы дананың тұған жері.

Сұрап-жауап тәсілін қолдану арқылы автор туындының көркемдік қуатын арттырумен қатар, жазылу стиліне төн ерекшелікті даралай түседі.

Бұл ерекшелік Н. Баймұратұлы заманындағы халық ақындарына сай ортақ тәсіл деп болжатынызға Қайып Айнабековтың «Ұмытпаймыз Абайды» өлеңі де мысал бола алады:

Мөлдір, тұнық лайсыз,
Тұнғыық ойдын терені.
Ашып айтшы казақта,
Айтулы ақын кім еді? — деген сауалына,
Киялы үшқыр, ойы өткір
Ақын Абай емес пе? — [6,26]

деп жауап береді.

Үш арнауда да ақын Абай мен халық арасындағы дәнекер ретінде қызмет жасайды. Кейде автор геройдың өзін сөйлету арқылы айтайын деген ойын нақтылай түссе, кейде геройды үшінші жақтағы адам ретінде қойып («Соқтық-пала, соқпақсыз жерде осіп», «Мынмен жалғыз алысты»), оқырманмен тікелей тілдеседі. Осы көркемдік тәсіл жөнінде ғалым З.Ахметов: «Ақын өзінің ой-сезімін барлық өлеңде біркелкі өз атынан тұра айтпай, кейде кейіпкердің, яғни, өзі сипаттап отырған басқа біреудің сөйлеуі — монологи арқылы, немесе, біреуді мінездеу арқылы жеткізуі де кездесіп отырады», — деп көрсеткен [7,239].

Н. Баймұратұлы соңғы «Бейіт басында» де-
ген шағын өлеңінде шер тарқатып Абаймен
тілдескендей күйге түседі:

Ұрпағың сәлем беріп келгенінде
Жатырсыз жауап қатпай сіз неғылып?

Ақындық ғұмырында Абайға бір емес,
бірнеше өлең арнаған Н. Баймұратұлы арнаула-
рының қоғамдық мәні терең. Жазу стиліндегі
өзіндік ерекшеліктері мол. Көркемдік және та-
нымдық жағынан куатты болып келеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Абайдын мемлекеттік қорық-мұражайының кол-
жазба қоры. КП. 1943.
2. Айтыс. II том. Алматы, 1966.
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. Семей-Новоси-
бирск, 2006.
4. Абай. Энциклопедия. Алматы, 1995
5. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 2004.
6. Айнабеков Қ. Шығармалары. Алматы, 1961.
7. Ахметов З. Поэзия шыны – даналық. Астана, 2002.